

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС
УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС
CRIMINAL PROCEEDING**

МРНТИ:10.79.01
УДК:343.1

10.51889/2959-6181.2023.73.3.011

Э.П. Кенжибекова¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

**АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ СОТ БАҚЫЛАУЫ
ФУНКЦИЯСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

Аннотация

Жалпы автор өз мақаласында сотқа дейінгі іс жүргізудегі сот бақылауының маңызды мақсаты адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелері жөнінде зерттелген. Аталған мәселе сотқа дейінгі іс жүргізуде заң шығарушы белгілеген сот бақылауының пәнін талдау кезінде айқын көрінеді. Сонымен қатар, сот бақылауын жүзеге асыратын тергеу судьясының пайда болуының да себебі, осы қылмыстық процес аясына түсетін азаматтардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қорғау мен бақылау болып табылатындығы да тілге тиек етіледі.

Түйін сөздер: сот бақылауы, тергеу судьясы, прокурор, құқықтар, адам құқықтары, бостандықтар, заңды мүдделер.

Кенжибекова Э.П. ¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая

**МЕСТО СУДЕБНО-КОНТРОЛЬНОЙ ФУНКЦИИ
В СФЕРЕ ЗАЩИТЫ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА**

Аннотация

В целом в своей статье автор исследовал важное назначение судебного контроля в досудебном производстве по вопросам защиты прав и свобод человека и гражданина. Этот вопрос становится понятным при анализе предмета судебного контроля, установленного законодателем в досудебном производстве. Кроме того, указывается, что причиной участия в уголовном процессе следственного судьи, осуществляющего судебный контроль, является защита и контроль за сохранением прав, свобод и законных интересов граждан, участвующих в данном уголовном процессе.

Ключевые слова: судебный контроль, следственный судья, прокурор, права человека, права и свободы, законные интересы.

E.P. Kenzhibekova¹

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University

**THE PLACE OF THE JUDICIAL AND CONTROL FUNCTION
IN THE FIELD OF PROTECTION OF HUMAN RIGHTS**

Abstract

In general, in his article, the author explored the important purpose of judicial control in pre-trial proceedings on the protection of the rights and freedoms of man and citizen. This issue becomes clear when analyzing the subject of judicial control established by the legislator in pre-trial proceedings. In addition, it is indicated that the reason for the appearance of the investigating judge

exercising judicial control is the protection and control over the preservation of the rights, freedoms and legitimate interests of citizens participating in this criminal process.

Keywords: judicial control, investigating judge, prosecutor, human rights, rights and freedoms, legitimate interests.

Кіріспе. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабының 1-бөлігінде аталып өтілген [1].

Қазіргі таңда қылмыстық процесті реформалау шеңберінде прокурордың процесуалдық өкілеттілік институтын одан әрі өңдеу мен жетілдіру жүргізілуде. Процестік қадағалауға және прокурорлардың процесуалдық жауапкершілігін одан әрі жетілдіру мен дамыту бағытына баса назар аудару туралы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ. Тоқаев атап өткен болатын. 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында олар прокурордың қылмыстық процестегі рөлін қайта қарастыруды, қылмыстық ізге түсу функциясын және қылмыстық қудалау органдарының қадағалау, құқық қорғау функцияларын одан әрі тіркеу мен зерделеуді талап етеді. Жаңартылған нақтылығы мен қылмыстық сот ісін жүргізудің оңтайландырылған моделі шеңберінде олардың арақатынасы белгілі бір дәрежеде өзгеріп отыр [2].

Сондай-ақ, мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне тәуелсіз сот бақылауы идеясының ұмыт болғаны соншалық, оны тек заңнамалық деңгейде ғана емес, тіпті елеулі ғылыми деңгейде жаңғырту әрекеттері сөзсіз қажет болды. Себебі жүргізілген барлық зерттеулер нәтижесіз болып шықты.

Сотқа дейінгі тексеруде сот бақылауын енгізу, ең алдымен, қылмыстық процесте соттың қандай да бір ведомстволық мүдделермен байланысты емес тәуелсіз орган ретінде сотқа дейінгі сатыларда жеке құқықтарының сенімді кепілі ретінде әрекет етуіне байланысты. Бұл ереже қазақстандық құқық жүйесіне сенімді түрде енген адам құқықтары саласындағы жалпы танылған халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкес келеді.

Әдістер мен материалдар. Ғылыми зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде ғылыми танымның жалпы және арнайы әдістерінің жүйесі құрайды. Зерттеу ғылыми танымның жалпы – объективтілік, әмбебаптылық, ұқыптылық, жүйелік талдау қағидаларына негізделген. Ресми логикалық жалпы ғылыми әдістерін қолдану жұмыскерлердің әлеуметтік және еңбек құқықтарын қорғаудың қазіргі заманғы өзекті мәселелерін зерттеу және анықтау қажеттілігімен байланысты болды. Қазақстан Республикасының заң саласындағы ғалымдарының ғылыми еңбектерімен, қылмыстық және қылмыстық процестік заңнамалар зерделенді және талданды. Зерттеу барысында сот бақылауы функциясының азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы алатын орны туралы мәселелерін талдауда жалпы ғылыми зерттеу әдістері қолданылды. Сондай-ақ, диалектикалық, логикалық, тарихи, жүйелік талдау, салыстырмалы-құқықтық, социологиялық және формальды-құқықтық танымның арнайы әдістері кеңінен қолдау тапты.

Нәтижелер. Қылмыстық процестік кодексінің қабылдануы қылмыстық процестік құқық ғылымының алдында, олар адам құқықтары жөніндегі жалпыға бірдей танылған халықаралық және сәйкес ұлттық конституциялық нормалар шеңберінде шешілуі тиісті прокурорлық қадағалау мен сот бақылауына қатысты жаңа мәселелер қойды [3].

Сот бақылауы функциясының кеңеюімен қатар, прокурорлық қадағалаудың белгілі бір ығысуы орын алғаны сөзсіз. Профессор Д.Н. Козактың ойынша, Қылмыстық-процестік кодексінің қабылдануы прокурорлық үлгіден бас тартып, қылмыстық тәртіппен жауапқа тартылған адамның бостандығы мен жеке қол сұғылмаушылығын шектеуді бақылаудың сот үлгісіне көшуге мүмкіндік берді [4, 14-19 бб.].

Сотқа дейінгі іс жүргізудегі соттың кең өкілеттіктері, әрине, прокурордың және, ең алдымен, тергеуші мен анықтаушының аса маңызды процессуалдық әрекеттерді жасағаны үшін санкциялар берудегі оның бастапқы қадағалау қызметіндегі өкілеттіктерін шектеді. Бірақ бұл прокурорлық қадағалау сот бақылауымен ауыстырылады деген сөз емес. Керісінше, сайысушылық элементтері бар сот ісін жүргізу қылмыстарды тергеу кезінде адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын неғұрлым тиімді қорғауды білдіреді және қаралып жатқан қылмыстық сот төрелігі саласындағы заңдылықтың қосымша кепілі болып табылады.

Талқылау. Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатыларындағы прокурордың негізгі өкілеттігі қылмыстарды тергеудің заңдылығын қадағалау функциясы болып қала береді. Сотқа дейінгі іс жүргізудегі сот бақылауының маңызды мақсаты адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып табылады. Бұл сотқа дейінгі іс жүргізуде заң шығарушы белгілеген сот бақылауының пәнін талдау кезінде айқын көрінеді. Анықтау мен сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асыратын органдардың заңдардың орындалуын прокурорлық қадағалаудың пәні мен заты әлдеқайда кең. Осыған орай, прокурордың осы қызмет саласындағы қадағалау нысанасына адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалаумен қатар, сондай-ақ тергеуді жүзеге асыратын органдар қабылдаған шешімдердің заңдылығын тексеру, жасалған және алдағы қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларды шешудің, тергеу жүргізудің заңмен белгіленген тәртібі кіреді. Соттың сотқа дейінгі сатылардағы қызметі, әрине, тергеуші қабылдаған негізгі процессуалдық шешімдердің заңдылығына әсер етеді.

Сонымен бірге, ол қылмыстық процеске қатысушылардың конституциялық құқықтарын қозғайтын және тұрақты прокурорлық қадағалауды алмастыра алмайтын тергеушінің шешімдеріне ғана қатысты болғандықтан, қылмыстарды тергеу жөніндегі барлық қызметті қамтымайды. Сондықтан да, заңдылықты қадағалау соттың емес, прокуратураның негізгі қызметі болып табылады. Прокурор, соттан айырмашылығы, қылмыстарды тергеп-тексерудің бүкіл кезеңінде әрекет етеді: арыз тіркелген сәттен бастап, СТБТ-да (сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бірыңғай тіркеу) жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарлама және қылмыстық іс сотқа жіберілгенге дейін немесе оның өндірісі тоқтатылғанға дейінгі аралық. Прокурорлық қадағалау тұрақты, пәрменді болып табылады, ерекшеліксіз барлық қылмыстық істерге қолданылады және бұл туралы тергеуге қатысушылардың және басқа да мүдделі тұлғалардың өтініш білдіруін талап етпейді. Осыған орай, біз көптеген ғалымдар мен практиктердің прокуратураның негізгі қызметі ретінде прокурорлық қадағалауды сақтау туралы айтқан көзқарасын қолдаймыз.

Сот пен прокурор өз функцияларын бір-бірінен тәуелсіз жүзеге асырады, ал соттың бақылау қызметі прокурордың қадағалауын ауыстырып қана қоймайды, қайталамайды. Прокурорлық қадағалау функцияларын сот бақылауына беруге болмайды, өйткені соттың заң бұзушылықтарды анықтау мүмкіндігі прокурорлықпен салыстырғанда айтарлықтай төмен.

Жалпы прокурорлық қадағалау сот рұқсатынсыз жүргізілетін тергеу әрекеттеріне ғана қатысты болуы керек деген пікір бар. Себебі, академик Г.С. Сапарғалиев «сотқа прокурормен өтініштерді алдын ала бекіту тергеушінің процессуалдық тәуелсіздігіне нұқсан келтіреді және уақытты негізсіз ысырап етуге, бюрократиялық қағазбастылыққа әкеп соғады...» деген болатын [5, 210 б.].

Тергеушінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымданудағы прокурорлық қадағалау мен сот бақылауының арақатынасы өте екіжақты. Прокурорға және сотқа шағымдану рәсімдері бірін-бірі жоққа шығарып қана қоймай, бірін-бірі толықтырып отырады. Шынында да, шағымдарды қараудың сот тәртібі сотқа дейінгі тергеп-тексеруден бас тарту және қылмыстық істі тоқтату туралы қаулылар, сондай-ақ сотқа қатысушылардың

конституциялық құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіруі мүмкін өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) мен шешімдерді білдіреді.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, прокурорлық қадағалаудың, ведомстволық және соттық бақылаудың арақатынасын анықтау кезінде оларды өзара жоққа шығармай, керісінше, бақылаудың осы үш нысанындағы артықшылықтардың ақылға қонымды үйлесімі дұрыс деп қорытынды жасауға болады. Мұндай шешім қылмыстық қудалауды қамтамасыз ету мүдделеріне де, процеске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға да барынша ықпал етеді.

Тәжірибе көрсеткендей, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі қабылданғанға дейін сотқа дейінгі сатылардағы заңдардың орындалуына сот бақылауы аз болған жоқ. Іс жүргізу нормаларының конституциялық нормаларға сәйкес келмеуі, соттың бақылау функциясын жүзеге асыру тәртібінің егжей-тегжейлі және ойластырылған құқықтық реттелуінің жоқтығы, егер ол заңда қарастырылған болса, сот қызметі оның беделін түсірді, яғни бұл нысанның тиімділігін күрт төмендетті. Бұл олқылықтардың көптеген себептері болды. Мысалы, процесуалист Н.А. Колоколов олардың кейбіреулерін атап көрсетеді:

– біріншіден, істі мәні бойынша қараған кезде олар өздерінің шешімдерімен байланысты болатындықтан көпшілік соттардың сотқа дейінгі тергеу сатысында өйткені сот бақылауын жүзеге асыруға құқығы жоқ;

– екіншіден, қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатыларында сот бақылауының объектісіне қатысты толық, нақты әзірленген тұжырымдама болған жоқ және оның болмай-тындығын;

– үшіншіден, сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы сот-сараптамалық бақылау қызметінің шегі туралы мәселе мүлдем зерттелмегендігін;

– төртіншіден, сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында олардың құқықтарының дамуына судьялар да қарама-қайшылық танытты, бұл сот қауымдастығы арасында оның рөлі мен орны туралы реформалар басталған кезден-ақ нақты және біртұтас ұстанымның болмауымен байланыстырып атап көрсетті [6, 65 б.].

Бұл мәселелерді шешу, бір қарағанда, сот бақылауын тағайындау мәселесін, оның қылмыстық процестегі сот билігінің функциялары арасындағы орнын, сот бақылауы қызметінің бағыттарын түсінуден бастау керектігі аталып өтті.

Заң әдебиетінде соттың бірден-бір қылмыстық процесуалдық қызметі оның сот төрелігін жүзеге асыруы болып табылатыны жалпы қабылданған деп саналды. Сот бақылауын жүзеге асыру тек сот төрелігін жүзеге асыруға байланысты қарастырылды. Сонымен бірге, әдетте, сот төрелігін жүзеге асыру актісімен – сот үкімі немесе шешімімен қатар оны жүзеге асыру нысаны ретінде жеке ұйғарым шығару танылды. Осыған орай, сот төрелігі түсінігі судьяның тінту, алу, күдіктіні күзетпен ұстау, күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы тергеу органдарының өтініштерін қараудағы қызметін қамтиды ма деген сұрақ заңды түрде туындайды?

Заң ғылымдарының докторы, профессор С.К. Жүрсімбаев бұл жағдайда сот сот төрелігінің элементі болып табылатын қызметті – алдын ала тергеуді сот бақылауын жүзеге асырады деп есептейді. Ол алдын ала тергеу барысында туындайтын нақты процесуалдық мәселені шеше отырып, сот функцияларын орындайды. Мұндай сұрақтарды (тәркілеу, қамауға алу, т.б. қатысты) сот талқылауы сатысында да шешеді, бірақ мұның «ақиқат» екеніне ешкім күмән келтірмейді. Судьяның азаматтардың конституциялық құқықтарын шектейтін тергеу әрекеттерін жасау туралы шешім қабылдау тәртібі дәл соттық (ресми кездесу, өтінішхат берген лауазымды адамның сөзі, ұсынылған құжаттарды жариялау және зерделеу, жаңа құжаттарды талап ету, шешім қабылдау). Дегенмен, судья тергеу әрекеттерін жүргізу құқығы туралы қаулылар шығара отырып, істі тұтастай шешпейтіндіктен, алдын ала тергеуде тек әділеттілік элементтерінің болуы туралы айтуға болады [7, 113 б.].

Баршамызға белгілі сот төрелігі және сотқа дейінгі тергеу барысында кінәлі адамға жаза қолдану арқылы қылмыстық-құқықтық қақтығысты шешу түрінде де, қылмыстық қудалау органдары қызметінің заңдылығына және сотқа қатысушылардың құқықтарының сақталуына сот бақылауы түрінде де көрінеді. «Сотқа дейінгі тергеуде сот бақылауы не сот төрелігімен сәйкес келеді (сот сатыларында), не оны жүзеге асырудың ерекше тәсілі бар (сотқа дейінгі өндірісте). Ол сот төрелігі мен сот бақылауының мақсаттарының ұқсастығына негізделеді. Сот төрелігін қылмыстық сот ісін жүргізудің міндеттері мен мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған қызмет ретінде қарастыра отырып, олар: адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, меншікті, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, конституциялық құрылысты қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қылмыстың алдын алу, сот бақылауы институтының мақсаты – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық қол сұғушылықтан қорғаумен параллельді жүргізеді. Мен бұл негіздемемен дауласқым келеді. Менің ойымша, сот төрелігі мен сот бақылауының қылмыс құрбандары болған адамдар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және адамды заңсыз және негізсіз айыптаулардан, соттаулардан, олардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуден қорғауға өзара бағытталуы осы нысандардың қатысуын растайды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы сот бақылауы қызметін сот төрелігін жүзеге асыру деп айтуға болмайды. Бұл ретте сот бақылауын жүзеге асыратын судья сот төрелігі құрылатын қағидаларды басшылыққа алуы тиіс. Қылмыстық процесс құрылатын және жүзеге асырылатын іргелі қағидалардың құрамдас бөлігі болып табылатын қылмыстық істер бойынша сот төрелігінің нысандары. Соттық бақылау қызметі өз мақсаты бойынша құқық қолданушылық сипатта болады.

Профессор Н.Н. Ковтун сот бақылауын «жалпы юрисдикциядағы соттарда сот төрелігін жүзеге асырудың ерекше нысаны» деп анықтайды [8, 72 б.].

Жалпы «сот бақылауын сот төрелігін жүзеге асырудың ерекше нысаны ретінде бағалауға қарсылық білдіреді». Ол сотқа дейінгі тергеу сатысында соттың өкілеттіктеріне тәуелсіз мән бермейтін ұстанымын сыни тұрғыдан бағалайды және өзара байланысты екі сот функцияларын шектеудің негізгі критерийлерін анықтайды: сот актісін шығару кезінде кінә және жауапкершілік мәселесін шешу; сот бақылауы барысында қабылданған шешім соттың түпкілікті актісіне қатысты көмекші жүктемені алып, сот төрелігінің функциясына кірмейтін сотқа дейінгі тергеп-тексеру мәселелеріне қатысты болса; сот бақылауы функциясын жүзеге асыру сотқа дейінгі тергеп-тексеру стандарттарын қалыптастырады және сотқа кейіннен сот төрелігі актісіне негіз болатын дәлелдемелер жүйесін құруға қатысуға мүмкіндік береді.

Процесуалист Н.А. Колоколов соттың бақылау функциясы бірқатар себептер бойынша келесі негіздер бойынша сот төрелігіне бағынышты деп танылуы керек деп дәлелдеп көрсетеді:

- аталған дүниені – сот органы және жалғыз сот төрелігі органы жүзеге асырады;
- бақылау функциясын жүзеге асыру заңда көзделген нысандарда, онда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады;

- конституциялық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасы бұлтартпау шарасын таңдау туралы, жекелеген тергеу әрекеттерін жасауға санкция беру туралы қаулылар қабылдау кезінде не сот процесінде жасалған әрекеттер мен шешімдердің заңдылығы мен негізділігін тексеру кезінде көрсетілетін сот бақылауының түрлерін айқындайды. анықтау органының, тергеушінің және прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру;

- қылмыстық іс жүргізу заңнамасы сотқа дейінгі тергеп-тексеруге қатысушылардың өтінішхаттары, арыздары немесе шағымдары болған кезде соттың бақылау функциясын жүзеге асыру тәртібін де айқындады;

- заңнамада сот бақылауының кезеңдері де көрсетілген: олардың *біріншісі* – сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында болса, ал *екіншісі* – осы кезеңнің соңында іс сотқа түскен кезде, оны сотқа тағайындау мәселелері шешілген кезде жүзеге асырылады. сот отырысында тыңдау шешіледі.

Қылмыстық процестің алдағы кезеңіне қатысты – сот талқылауы. алдын ала тергеудегі сот бақылауы іс-шаралары нақты қылмыстық іс бойынша сот төрелігін жүзеге асыруға жағдай жасайды. өйткені тергеу органдары мен прокурордың жіберген қателері мен заң бұзушылықтары жойылады. бұл қылмыстық процестің сот сатыларында істің қалыпты қозғалысына кедергі келтіреді.

Осылайша, сотқа дейінгі тергеп-тексерудегі соттық бақылау қылмыстық процестің орталық сатысы ретінде өзіндік процесуалдық және құқықтық сүзгі рөлін атқарады, соның арқасында заң бұзушылықтарды анықтауға және жоюға, адамның құқықтары мен бостандықтары, оның ішінде конституциялық, қылмыстық іс қаралғанға және шешілгенге дейін, мәні бойынша. Сот ісін жүргізуде сот бақылау функциясы да жүзеге асырылады, бірақ түбегейлі жаңа деңгейде, әртүрлі жағдайларда және фактілік және құқықтық мәселелердің кең жағдайлары бойынша әлдеқайда кең ауқымда жүзеге асырылады.

Сот төрелігін процесуалист Н.М. Чепурнова сот билігін жүзеге асырудың жалғыз емес, маңызды нысаны ретінде анықтайды. Сот билігі сот төрелігі, жоғары тұрған соттардың төмен тұрған соттарға сот қадағалауы, сот әкімшілігі, сот бақылауы, сот конституциялық бақылауы сияқты конституциялық-құқықтық нысандарда жүзеге асырылады [9, 75 б.] деп атап кетеді.

Сот бақылауының алдында заңды қолданудағы бұзушылықтардың алдын алу немесе анықтау міндеті тұр. Осыған орай, зерттеуші Л.Н. Масленникова Сот бақылауының мәнін талдай отырып, бұл сот билігін жүзеге асырудың, заңдардың сақталуын және сайып келгенде, қоғамда дұрыс заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ететін нысандардың бірі деген қорытындыға келді.

Сотқа дейінгі тергеу органдарының және прокуратураның қылмыстық қудалау функцияларын орындауы, тергеуші мен прокурордың мүдделерінің өзара тәуелділігі олардың құқық қорғау қызметінің тиімділігін төмендетеді.

Үнемі қылмыстық процесуалдық заңнамасын анықтау мен тергеудегі сот бақылауының жаңа құқықтық институтын құрайтын нормалармен толықтыру жөніндегі ұсыныстарды алға тартқан және қорғаған авторлардың осы саладағы прокурорлық қадағалаудың сақталуын жоққа шығармағанына назар аударады.

Отандық қылмыстық сот ісін жүргізуді бақылаудың (қадағалаудың) әртүрлі нысандарының – прокурорлық, ведомстволық және соттың табысты үйлесімімен ерекшеленеді. Бұл нысандар бұрыннан белгілі және мойындалды: олардың жиынтығында қылмыстарды сәтті ашу және кінәлілерді қылмыстық жауапкершілікке тартумен қатар, қылмыстық процеске тартылған азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға кепілдік берді.

Отандық қылмыстық сот ісін жүргізу бақылаудың (қадағалаудың) әртүрлі нысандарының – прокурорлық, ведомстволық және соттың табысты үйлесімімен ерекшеленеді. Бұл нысандар бұрыннан белгілі және мойындалды: олардың жиынтығында қылмыстарды толық, объективті ашу және кінәлілерді қылмыстық жауапкершілікке тартумен қатар, қылмыстық процеске тартылған азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға кепілдік берді.

Соңғы өзгерістерге орай, прокурорлық қадағалау мен ведомстволық бақылаудың басым болғанына, ал сот бақылауы, әдетте, айыптау қорытындысымен сотқа келіп түскен қылмыстық істі тексерумен шектелгеніне қарамастан, қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатыларында соттың өкілеттіктері айтарлықтай кеңейді. Конституцияға және Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес соттарға алдын ала тергеуге, сондай-ақ анықтауға қатысты бірқатар бақылау функциялары жүктелген. Сот тәжірибесінің бұл түрінің кенеюі конституциялық мемлекетте соттың прокурорға қарағанда адам құқықтарының алдын ала тергеу кезіндегі сенімді кепілі болуымен түсіндіріледі. Қадағалау мен бақылауды саралаудың ең өткір мәселесі прокуратураның жалпы қадағалау қызметінде көрініс тапты.

Аталған мәселені шешу тек теория үшін ғана емес, сонымен бірге прокурорлық функцияларды іс жүзінде жүзеге асыру үшін де заң шеңберінде маңызды болып табылады. Себебі ол, біріншіден, прокурордың орны туралы мәселені зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, мүмкіндік береді, (сот) мемлекеттік механизмдегі қызмет, прокурорлық қызметті мемлекеттік (сот қызметі) қызметтің басқа түрлерінен, атап айтқанда бақылау сияқты түрлерінен ажырату, олардың өзара байланысын, заңдылықты қамтамасыз етудегі рөлін көрсету және осы негізде прокуратура мен қадағаланатын органдар мен ұйымдар арасындағы қарым-қатынасты дұрыс құруға өз ықпалын тигізеді; екіншіден, прокуратура органдарының күш-жігерін қоғам мен мемлекет мүддесі үшін басым салаларға шоғырландыру арқылы

қадағалаудың тиімділігі мен тиімділігін айтарлықтай арттыру: үшіншіден, өмірдің белгілі бір саласындағы заңдылық жағдайы үшін прокурорлардың жауапкершілігінің шекарасын нақты белгілеу.

Қорытынды. Заң әдебиетінде қадағалау мен бақылаудың арақатынасы мәселесіне аса назар аударылған. Сондықтан сот бақылауы мен прокурорлық қадағалаудың аражігін ажыратуды мынадай критерийлерге негіздеді: «мемлекеттік құрылыстың белгілі бір кезеңінде осы немесе басқа органның шешілуі үшін құрылған негізгі міндет; тиісті бақылау және қадағалау органдарының өкілеттіктерінің сипаты; олардың әрқайсысының мемлекет органдары жүйесінде алатын орны. Оның ойынша, прокуратураның басты міндеті – заңдардың дәл және тұрақты орындалуын қамтамасыз ету, демек, прокуратура қадағалаушы органдардың қызметіне тек заңдылық тұрғысынан баға береді. Сот бақылау органдары үшін бұл, ең алдымен, нормативтік құқықтық актілердің нақты орындалуын тексеру, қызмет нәтижелерінің саны мен сапасын, басқару құралдары мен әдістерін таңдаудың орындылығын бағалау болып табылады. Анықталған бұзушылықтарды жою және кінәлілерді жазалау үшін бұл органдарға прокуратурада жоқ әкімшілік өкілеттіктер берілген. Сол сияқты прокурорлық қадағалау бақылау қызметінің басқа түрлерінен де шектелген.

Сот бақылауы мұндай қасиеттерге ие емес, сотқа дейінгі тергеу органы немесе прокурор ол, бір жағынан, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қылмыстық процесстік кодексіне сәйкес іс жүргізушілік мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы шешім қабылдау кезінде жүзеге асырылады. сот шешімін (қамауға алу, тінту және т.б.) талап етеді, екінші жағынан адамның, азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзу туралы шағым түскен кезде сот бақылауы әрбір нақты жағдайда қажет.

Сонымен, сот бақылауы сотқа дейінгі тергеу органдарының әрекеттеріне, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың қажетті кепілі болып табылады.

Дегенмен, біздің ойымызша, әдіс ақиқаттың теориялық және тәжірибелік даму жолы болып табылады. Процессуалдық бақылау мен қадағалауды зерттеушілер көбінде нысандар мен әдістерді анықтайды. Өйткені нысан бақылау және қадағалау қызметінің мазмұны қалай ұйымдастырылғанын айқындап көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы/ 995 жылғы 30-тамызда республикалық референдумда қабылданған. [Электрондық ресурс]. Режим доступа: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (Жүзінген күн: 17.08.2023).
2. Послание Главы государства народу Казахстана от 1 сентября 2020 года «Казахстан в новой реальности: время действий». [Электронный ресурс]. Режим доступа: http://adilet.zan.kz/rus/docs/K2000002020_ . (Жүзінген күн: 17.08.2023).
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық – процесстік кодексі. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (Жүзінген күн: 17.08.2023).
4. Козак Д.Н. Суд в современном мире: проблемы и перспективы // Российский судья. – 2001. №10. – С.14 – 19.
5. Сапарғалиев Г.С. Конституционное право Республики Казахстан: академический курс. – Алматы: Жеті жарғы, 2002. – 730 с.
6. Колоколова Н.А. Судебный контроль на предварительном расследовании (сравнительно-правовое исследование). - Курск, 2007. – 132 с.
7. Журсимбаев С.К. Прокурорский надзор в Казахстане: учебник. – Алматы: ИК «НАС», 2014. – С. 304 .
8. Ковтун Н.Н. Судебный контроль в уголовном судопроизводстве России. Н. Новгород, 2012. – С. 143.
9. Чепурнова Н.М. Судебный контроль в Российской Федерации: проблемы методологии, теории и государственно-правовой практики. Ростов-на-Дону, 2019. – С. 176.